

Қазақстан Республикасында банктердің жұмысын доғару туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасы 1998 жылғы 31 желтоқсан N 340 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 25 наурызда N 714 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 5 тамыздағы N 177 қаулысымен

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.08.05 N 177 қаулысымен.

Екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру, сондай-ақ қолданылып жүрген заңдарға сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1996 жылғы 29 ақпандағы N 48 V960439_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында банктердің жұмысын доғару туралы ережеге ұсынылған өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Заң департаменті (Сизова С.И.) Банктік қадағалау департаментімен (Жұмағұлов Б.Қ.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасында банктердің жұмысын доғару туралы ереженің өзгерістері мен толықтыруларын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркесін.

3. Банктік қадағалау департаменті (Жұмағұлов Б.Қ.) екі апта мерзімде осы қаулыны және Қазақстан Республикасында банктердің жұмысын доғару туралы ереженің өзгерістері мен толықтыруларын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.Т. Құдышевке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к
Т ө р ағ а с ы
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
1998 жылғы 31 желтоқсандағы
N 340 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының
1996 жылғы 29 ақпандағы N 48 қаулысымен бекітілген Қазақстан
Республикасында банктердің жұмысын доғару туралы Ережеге
енгізілген өзгерістер мен толықтырулар

1. Қазақстан Республикасында банктердің жұмысын доғару туралы Ереженің
атауы мынадай редакцияда жазылсын: "Қазақстан Республикасында банктердің
жұмысын доғару туралы Ереже".

2. "І. Жалпы ереже" деген сөздер "1-тарау. Осы Ережелер" деген сөздерге
ауыстырылсын.

3. 1-тармақтағы "Осы Ереже" деген сөздер "Осы Ережелер" деген сөздерге
ауыстырылсын.

4. 3-тармақтағы "осы Ережеден" деген сөздер "осы Ережелерден" деген
сөздерге ауыстырылсын.

5. "ІІ. Банктің жұмысын доғарудың негіздері, шарттары және тәртібі" деген
сөздер "2-тарау. Банктің жұмысын доғарудың негіздері, шарттары және тәртібі"
деген сөздерге ауыстырылсын.

6. 5-тармақ мынадай мазмұндағы азатжолмен толықтырылсын: "Ұлттық Банк
белгілейтін ерекше жағдайларда кез-келген банктің жұмысы оның қаржылық
жағдайын сауықтыру және жұмыс сапасын жақсарту мақсатында доғарылады."

7. 6-тармақтың а), б) тармақшалары 1), 2) тармақшалар деп саналсын.

8. 8-тармақтың а), б), в), г) тармақшалары 1), 2), 3), 4) тармақшалар деп
саналсын. 9. 9-тармақта: 1) а) тармақшасында "банк операциярының жекелеген
түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың" деген сөздер "банк болып табылмайтын
занды тұлғалардың" деген сөздерге ауыстырылсын; 2) б) тармақшасындағы "банк
операциярының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға" деген сөздер
"банк болып табылмайтын занды тұлғаларға" деген сөздерге ауыстырылсын.
3) а), б), в) тармақшалары 1), 2), 3) тармақшалар деп саналсын.

10. 10-тармақта а), б), в) тармақшалары 1), 2), 3) тармақшалар деп саналсын. 11.

10-тармақтың в) тармақшасындағы "осы Ереженің" деген сөздер "осы Ережелердің"
деген сөз "қаулының" деген сөзben ауыстырылсын. 12. 11-тармақта: 1) "Қаулының"
деген сөз "қаулының" деген сөзben ауыстырылсын. 2) а), б), в), г), д), е), ж)
тармақшалары 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) тармақшалары деп саналсын. 13. 15-
тармақтағы а), б), в), г), д), е) тармақшалары 1), 2), 3), 4), 5), 6) тармақшалары деп
саналсын. 14. 15-тармақ мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) Ұлттық Банкке және корреспондент банктегі банк шоттары
бойынша операция жасау үшін құжаттарға қол қою құқы бар лауазымды
адамдардың қолдарының үлгісі бар жаңа карточка тапсыру (мұндай жағдайда

уақытша әкімшілік (уақытша басқарушы) тағайындалғанға дейін тапсырылған карточканың күші жоғылады".

15. 16-тармақтағы а), б), в), г), д) тармақшалары 1), 2), 3), 4),
5) тармақшалары деп саналсын.

16. "III. Жұмысын доғару кезеңінде банкке белгіленетін ерекше жұмыс режимі. Жұмысты уақытша доғарудың өкілеттіктері" деген сөздер "3-тарау. Жұмысын доғару кезеңінде банкке белгіленетін ерекше жұмыс режимі. Жұмысты уақытша доғарудың өкілеттіктері" деген сөздерге ауыстырылсын. 17. 17-тармақтағы а), б), в), г), д), е) тармақшалары 1), 2), 3), 4), 5), 6) тармақшалары деп саналсын. 18. 18-тармақтағы а), б), в), г), д), е) тармақшалары 1), 2), 3), 4), 5), 6) тармақшалары деп саналсын. 19. 18-тармақ мынадай мазмұндағы 7-тармақшамен толықтырылсын: "7) уақытша әкімшілік (уақытша басқарушы) енгізілген құннен бастап қажет болған жағдайда біржақты тәртіппен депозиттер бойынша есептелетін сыйақы (мұдде) ставкалары оларды есептеу тоқтатылғанға дейін өзгертілсін." 20. 20-тармақта дефиспен бөлінген алты азатжол 1), 2), 3), 4), 5), 6) тармақшалар деп саналсын. 21. 21-тармақ алынып тасталсын. 22. 22-38 тармақтар 21-37 тармақтар деп саналсын. 23. "IV. Банк мүлкін басқару рәсімі" деген сөздер "4-тарау. Банк мүлкін басқару рәсімі" деген сөздерге ауыстырылсын . 24. 30-тармақта дефиспен бөлінген үш азатжол 1), 2), 3) тармақшалар деп саналсын. 25. "V. Жұмысын доғаруды тоқтату" деген сөздер "5-тарау. Жұмысын доғаруды тоқтату" деген сөздер ауыстырылсын. 26. 31-тармақта а), б) тармақшалары 1), 2) тармақшалар деп саналсын. 27. "VI. Қорытынды ережелер" деген сөздер "6-тарау. Қорытынды ережелер" деген сөздерге ауыстырылсын. 28. 37-тармақтағы "осы Ережеде" деген сөздер "осы Ережелерде" деген сөздерге ауыстырылсын .

Т е р ағ а